

**Бекітемін**

РМҚК «Орал Таңсықбаев  
атындағы  
Алматы сәндік-қолданбалы  
өнер колледжі»  
«06» қараша 2024ж.  
№2 Педагогикалық Кеңестің  
шешімі



«Орал Таңсықбаев атындағы  
Алматы сәндік-қолданбалы өнер  
колледжі» РМҚК  
директоры  
З.Ж.Жумахметова  
06.11.2024

**«Орал Таңсықбаев атындағы  
Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі» РМҚК  
Студенттік парламент ережесі**

Қызметі	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
<b>ӘЗІРЛЕГЕН:</b>			
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	Тәленова Д.Е.		06.11.24
<b>КЕЛІСІЛДІ:</b>			
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Апенова Р.Ж.		06.11.24
Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары			
Зан кеңесшісі	Тамабекова А.А.		06.11.24

Алматы, 2024

## **Жалпы ережелер**

- 1.1. «Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі» РМҚҚ (бұдан әрі – Колледж) студенттік парламентінің қызметі туралы ереже мақсатын, міндеттерін, құрылымын, қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін, студенттік өзін-өзі басқару үйимы – студенттік парламенттің құқықтары мен міндеттері. Осы ережеде айқындалады.
- 1.2. Студенттік парламент – студенттердің маңызды мәселелерін шешуге, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған студенттердің өзін-өзі басқаруы, тәуелсіз, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.
- 1.3. Студенттік өзін-өзі басқару органды – студенттік парламент (бұдан әрі – Парламент) Колледж студенттерінің бастамасымен студенттердің мүдделерін білдіретін тұрақты үйлестіруші орган ретінде құрылады және осы Ереженің негізінде әрекет етеді.
- 1.4. Әрбір студент осы Ережеге сәйкес Парламентке сайлауға және сайлануға құқылы.
- 1.5. Парламенттің қызметі мен шешімдері Колледждің барлық студенттеріне бағытталады және қолданылады.
- 1.6. Парламент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Колледж жарғысына және осы Ереже.
- 1.7. Парламент директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады.

## **2. Парламенттің мақсаты мен міндеттері**

### **Парламенттің мақсаты:**

- 2.1. Студенттердің табысты әлеуметтенуіне және өзін-өзі тиімді іске асыруына жағдай жасау, сонымен қатар студенттерге туындаған мәселелерді өз бетінше шешуге мүмкіндіктер жасау.

### **Парламенттің міндеттері:**

- 2.2. Оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен бастамасын жүзеге асыруға;
- 2.3. білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда, оның ішінде олардың мүдделерін қорғайтын білім беру, әлеуметтік және басқа да мәселелерді шешуде көмек көрсетуге;
- 2.4. Колледж әкімшілігіне оқу-шығармашылық мәселелерін шешуге, студенттердің бос уақытын және күнделікті өмірін ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын насиҳаттауға көмектесуге;
- 2.5. Колледжге оқу-тәрбие үдерісі аясында өткізілетін іс-шараларға көмек көрсетуге;

2.6. Колледждін рухани салт-дәстүріне патриоттық көзқарасқа бағытталған жұмыстарды жүргізу, студенттердің сана-сезімі мен білім деңгейіне қойылатын талаптарын арттыру, меншікке ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеуге;

2.7. Қазақстандағы қоғам дамуының нақты күші мен стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруға қатысу;

2.8. Балалар мен жастарға арналған әлеуметтік маңызы бар бастамаларды жүзеге асыруға көмек көрсетуге.

### **3. Парламенттің құрылымы**

3.1. Парламент сайлау нәтижелері бойынша құрылады;

3.2. Парламент басшысы – Колледж студенттері мен оқытушылары сайлайтын президент.

3.3. Президент пен Парламент құрамы бір оқу жылына сайланады.

3.4. Парламент президенттен, оның орынбасарларынан, колледж белсенділерінен тұрады. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімімен оның құрамына студенттер арасынан қосымша Парламент құрамына сайланады. Парламент құрамын сайлау топ отырыстарында өткізіледі.

### **4. Парламенттің қызметі**

4.1. Парламенттің қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйлестіреді, ол Парламентке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады.

### **5. Студенттік парламенттің президенті:**

5.1. Парламенттің қызметіне басшылық жасайды және оған жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

5.2. Өзінің орынбасарлары, жетекшілері арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;

5.3. Өзінің міндеттерін орындау кезінде колледж берген құқықтарды пайдаланады.

### **6. Парламенттің құқықтары мен міндеттері**

#### **Парламенттің құқығы:**

6.1. Студенттердің оқу тәртібін және колледждің ішкі тәртібін бұзуына қатысты мәселелерді қарап қатысуға;

6.2. Аудиториядан тыс уақытта окудағы және әртүрлі салалардағы жетістіктері үшін студенттерді марапаттау жүйесін әзірлеуге және енгізуге қатысуға;

6.3. Колледж студенттерінің өтініштері мен шағымдарын қарауға және талқылауға қатысуға;

- 6.4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарынан Студенттік Парламенттің қызметіне қажетті ақпаратты белгіленген тәртіпте сұрату және атуға;
- 6.5. Колледждің сабактан тыс жұмыстарын жоспарлауға, дайындауға, өткізуге және талдауға тікелей қатысуға;
- 6.6. Колледже құрылған үйірмелер жұмысына қатысуға.

*Парламент міндетті:*

- 6.7. Колледж меншігіне құрметпен қарауды, оқу тәртібін және оқу корпустары мен студенттер жатақханаларында құқықтық тәртіпті нығайтуға, студенттердің азаматтық сана-сезімін арттыруға борыш пен жауапкершілік сезімін оятуға бағытталған жұмыстарды жүргізуғе;
- 6.8. Жарғы мен ішкі тәртіп Ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс істеуғе;
- 6.9. Колледждің окудан тыс жұмыстарын ұйымдастыруға көмектесуге;
- 6.10. Парламентке түсетін студенттердің барлық өтініштерін белгіленген тәртіпте уақтылы қарауға;
- 6.11. Парламент Ережеге және оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуғе;
- 6.12. Студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдауға;

## **Студенттердің ар-намыс кодексі**

### **"Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колledge" РМҚК**

*Мен, Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колledgeінің студенті, еліміздің білікті мамандарын даярлау жөніндегі колледж миссиясын іске асыру үшін жауапкершілікті сезініп, студенттік қоғамдастықтың корпоративтік мәдениетін қолдау мен дамытуды, Қазақстан Республикасының кәсіби кадрларын даярлау жөніндегі жетекші білім беру үйімі ретіндегі имиджін сақтауды өз міндеттім деп санай отырып, осы Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік - қолданбалы өнер колledgeі студенттінің ар-намыс кодексін қабылдаймын оны мұлтіксіз ұстануга міндеттенемін.*

#### **1-бап**

**«Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колledge» РМҚК студенті (бұдан әрі - Колледж) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Колледж Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін және Колледждің басқа да нормативтік актілерін сактайды.**

#### **2-бап**

Колледж студенті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін, ұлттық мәдениетті біледі және құрметтейді. Қазақстанның тарихы мен мемлекеттілігі Колледждің дәстүрлерін ұқыпты сактайды және өркендетеді.

#### **3-бап**

Колледж студенті басқа білім алушылар мен, оқытушылар және Колледж әкімшілігімен карым-қатынаста сыпайылық, әдептілік және ұқыптылық танытады.

#### **4-бап**

Колледж студенті кез-келген адамға оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, діни немесе дүниетанымдық сенімдеріне қарамастан құрметпен қарайды.

#### **5-бап**

Колледж студенті өзінің оку міндеттерін қатаң орындаиды, этикалық, академиялық және құқықтық бұзушылықтарға жол бермейді, соның ішінде:

- плагиат
- жалғандық
- білімді бақылауда әртүрлі формаларында барлық кезеңдерінде алдау парактарын пайдалану, басқадан көшіру;
- жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану
- парақорлық
- оқытушыны алдау және оған құрметсіздік

- себепсіз сабакқа келмеу және кешігу.

#### **6-бап**

Колледж студенті Колледж мұлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және оның аумағында вандализм көріністерін болдырмайды.

#### **7-бап**

Колледж студенті кітапханалық – акпараттық ресурстарына ұқыпты карайды, оларға немікүрайлы немесе зиянды қарауга жол бермейді.

#### **8-бап**

Колледж студенті ұқыпты көрінеді, оның келбеті эстетикалық нормаларға сәйкес келеді.

#### **9-бап**

Колледж студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және физикалық деңгейін арттыруға ұмтылады, Колледждің қоғамдық-мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысады.

#### **10-бап**

Колледж студенті Колледжде де, одан тыс жерлерде де зансыз әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

#### **11-бап**

Колледж студенті елдегі тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған ақпаратты таратуға, сондай-ақ рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, акцияларға шерулерге қатысуға жол бермеуі тиіс.

#### **12-бап**

Колледж студенті Колледждің мұдделеріне қайши келетін, Колледждің имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез-келген қызметке қатыспау қажет.

#### **13-бап**

Колледж студенті Кодекстің ережелерін бұзған жағдайда, оны өз күшімен қалыпқа келтіруге тырысады немесе бұл туралы студенттердің өзін-өзі басқару үйіміна немесе Колледж әкімшілігіне хабарлайды.

Директордың тәрбие жұмысы  
бойынша орынбасары

Д. Е. Тәленова